

**Ақмола облысының қалалары мен елді мекендерінде аумақтарды абаттандыру, жасыл желектерді күтіп-ұстау мен қорғау ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 5С-8-8 шешімі . Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 17 қаңтарда № 3621 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2014 жылғы 31 қазандағы № 5С-31-5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 31.10.2014 № 5С-31-5 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 3 бабының 2 тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабының 2-2 тармағына сәйкес Ақмола облыстық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қоса беріліп отырған Ақмола облысының қалалары мен елді мекендерінде аумақтарды абаттандыру, жасыл желектерді күтіп-ұстау мен қорғау ережесі б е к і т і л с і н .

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<b>А қ м о л а</b>	<b>о б л ы с т ы қ</b>
	<b>м ә с л и х а т</b>	<b>с е с с и я с ы н ы ң</b>
<b>төрағасы</b>	<b>А.Тайшытаев</b>	
	<b>А қ м о л а</b>	<b>о б л ы с т ы қ</b>
<b>мәслихатының хатшысы</b>	<b>Н.Дьячек</b>	
<b>«КЕЛІСІЛДІ»</b>		
<b>Ақмола облысының әкімі</b>	<b>Қ.Қожамжаров</b>	
	<b>«Ақмола облысы бойынша</b>	
	<b>мемлекеттік сәулет-құрылыс</b>	

бақылау және лицензиялау  
департаменті» мемлекеттік  
мекемесінің директоры Т.Қарағойшин

Ақмола облыстық мәслихатының  
2012 жылғы 7 желтоқсандағы  
№ 5 С - 8 - 8 шешімімен  
бекітілді

## **Ақмола облысының қалалары мен елді мекендерінде аумақтарды абаттандыру, жасыл желектерді күтіп-ұстау мен қорғау ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ақмола облысының қалалары мен елді мекендерінде аумақтарды абаттандыру, жасыл желектерді күтіп-ұстау мен қорғау (бұдан әрі – Ережелер) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Ереже Ақмола облысының қалалары мен елді мекендерінде аумақтарды абаттандыру, жасыл желектерді күтіп-ұстау мен қорғау тәртібін белгілейді және меншік нысанына қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғаларға таралады.

### **2. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен түсініктер**

3. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар қолданылады:  
коммуналдық қалдықтарды, ірі көлемді қоқысты шығаруға арналған шарт – коммуналдық қалдықтарды, ірі көлемді қоқысты шығару жөнінде тапсырыс беруші мен қоқыс шығаратын мердігерлік ұйым арасында жасалған, заңды күші бар жазбаша келісім;  
көгалдандыру (жасыл) желектері – елді мекендердің шекараларында ортақ пайдаланылатын жерлерде орналасқан орманды саябақтар, саябақтар, скверлер, бульварлар, желілік екпелер, үй жанындағы екпелер, көгалдар, гүлзарлар;

контейнер – коммуналдық қалдықтарды жинауға арналған стандартты с ы й ы м д ы л ы қ ;

ірі көлемді қоқыс - өзінің тұтыну қасиеттерін жоғалтқан, өздерінің көлемі мен салмағы бойынша контейнерлерге орналастыруға келмейтін тұтыну және шаруашылық қызметінің қалдықтары (тұрмыстық техника, жиһаз, бұзылмаған картон қораптары және басқалар);

шағын сәулет нысандары – көлемі жағынан кішкене әсемдік сипаттағы объектілер (мүсіндер, субұрқақтар, стеллалар, оймабедерлер, гүл құмыралары, тутұғырлар, саябандар, павильондар, дүңгіршектер, сауда арбалары, телефон және сауда автоматтары, аттракциондар, қоршаулар, қоқыс жәшіктері, көшелер, үйлер мен жарнамалар, пошта жәшіктері);

көпшілік пайдаланылатын орындар – демалыс аймақтары (саябақтар, жағажайлар, тынымбақтар), алаңдар, көлік аялдамалары және басқалары;

рұқсат етілмеген қоқыс орны - заңды және жеке тұлғалардың жұмысы кезінде пайда болған коммуналдық қалдықтарды, ірі көлемді қоқысты, өндіріс және құрылыс қалдықтарын, қарды, мұздарды өз еркімен (рұқсат етілмеген) шығару ( о р н а л а с т ы р у ) н е м е с е ү ю ;

өндірістік және тұтыну қалдықтары (бұдан әрі - қалдықтар) - өндіру және тұтыну кезінде пайда болған шикізат, материалдар, жартылай өңделген өнімдердің, басқа да бұйымдар мен тағамдардың қалдықтары, сондай-ақ өздерінің тұтыну қасиеттерін жоғалтқан тауарлар (өнімдер);

аумақты тазарту - аумақты жинау, тұрмыстық қалдықтарды, қоқыстарды, қарды, мұздақтарды жинау, шығару және кәдеге жарату (залалсыздандыру);

іргелес аумақ - меншігінде, иелігінде орналасқан, жалға алып пайдаланылатын ғимараттар, құрылыстар, қоршаулар, құрылыс алаңшаларының шекараларына, сауда, жарнама және өзге де объектілерге тікелей жанасып ж а т қ а н а у м а қ ;

бөлшектенген көлік – негізгі тораптар мен агрегаттар, шанақ бөлшектері және тіректері, шынылары мен доңғалақтары жоқ, олардың анықталуын мүмкін емес етіп тұрған терең коррозияға ұшыраған көлік;

жолдарды күтіп-ұстау – автомобиль жолдарын пайдалану ережесінің талаптарына жауап беретін, нәтижесінде жол мен жол құрылғыларының көлікті пайдалану жағдайы сақталатын жұмыстар кешені;

құрылыс - табиғи немесе жасанды кеңістік шекаралары бар және өндірістік үрдістерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға немесе адамдарды, жүктерді уақытша орналастыруға (орын ауыстыруға) , сондай-ақ жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (төсеуге, жүргізуге) арналған жасанды жасалған ауқымды, тегістікті немесе желілік объект (жер үсті, су беті және (немесе) жер асты, су асты). Құрылыс

көркемдік-эстетикалық, әшекей-қолданбалы не мемориалдық мақсатта да болуы  
м ү м к і н ;

қатты тұрмыстық қалдықтар (бұдан әрі – ҚТҚ) – коммуналдық қалдықтардың  
құрамдас бөлігі болып табылатын қатты нысандағы тұтынудың тұрмыстық  
қ а л д ы қ т а р ы ;

уәкілетті орган – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы  
қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган;  
қалдықтарды орналастыру нормативі – олардың қоршаған ортаға тигізетін  
әсерін ескере отырып, қалдықтарды орналастыру бойынша сандық және сапалы  
ш е к т е у л е р ;

қоршаған ортаны мониторингілеу – табиғи және антропогенді факторлардың  
әсерінен қоршаған орта жай-күйінің өзгерістеріне баға беру және болжау,  
қоршаған ортаның жағдайын бақылаудың кешенді жүйесі;

коммуналдық қалдықтар – елді мекендерде, оның ішінде адамның тіршілік  
әрекеті нәтижесінде түзілген тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы мен түзілу  
сипаты жағынан осыларға ұқсас өндіріс қалдықтары;

қалдықтарды залалсыздандыру – механикалық, физикалық-химиялық немесе  
биологиялық өңдеу жолымен қалдықтардың қауіпті қасиеттерін азайту немесе  
ж о ю ;

қалдықтарды кәдеге жарату – қалдықтарды қайталама материалдық немесе  
энергетикалық ресурстар ретінде пайдалану;

сұйық қалдықтар – сарқынды суларды қоспағанда, сұйық түріндегі кез келген  
қ а л д ы қ т а р ;

аумақ - осы Ережемен белгіленген шекарада санитарлық тазарту, жинау және  
ұстауға арналған аумақтар бекітіліп берілген субъектілердің келісімі бойынша  
уәкілетті органмен берілетін жер учаскесі;

аулаішілік аумақтар - шағын сәулет нысандарын, балалар, кір жаятын,  
контейнерлік алаңдарды, автокөлік тұрақтарын, сәндік құрылыстарды орнату  
үшін, үйге кіретін жолдар, аулаға кіретін жолдар үшін пайдаланылатын жерлер (  
бір аулада бірнеше жер пайдаланушылар болса, онда бекітілген аумақтардың  
шекарасы пайдаланылатын аумақтардың шекарасына сәйкес тең көлемде  
б ө л і н е д і ) .

Елді мекендердің аясында бекітіп беру объектілері мыналар болып табылады:

кварталішік аумақтарының учаскелері;

аулаішілік аумақтар;

инженерлік желілерді қорғау аймағының аумағы;

Аумақтарды бекітіп беру субъектілері жеке тұлға да, заңды тұлға да бола  
алады.

### 3. Елді мекендерде жинау және тазалық сақтау тәртібі

4. Қандай меншік түріне жататындығына қарамастан барлық заңды және жеке тұлғалар елді мекендердің барлық аумақтарында тазалықты сақтайды, оның ішінде жеке тұрғын үйлердің аумақтарында абаттандыру элементтерінің ( жолдардың, жаяужолдардың, көгал алаңдарының, шағын сәулеттік нысандардың, жарықтандыру, су тарту және т.б.) зақымдануы мен бұзылуына жол бермейді, сонымен қатар өздеріне тиесілі немесе пайдалануындағы ғимараттардың, құрылыстардың инженерлік желілерін техникалық жарамды жағдайда және олардың маңындағы аумақтарды күтіп ұстайды.

5. Санитарлық тазалау және жинау кезінде жеке және заңды тұлғалар санитарлық тазалау және жинау жүргізу орындарында орналасқан абаттандырудың барлық элементтерін (жолдарды, жаяужолдардың, көгал алаңдарын, шағын сәулеттік нысандарды, жарықтандыру және су тарту, т.б.) сақталуын қамтамасыз етеді.

6. Жинау жұмыстары осы Ереженің талаптарына, уәкілетті органмен бекітілген нұсқаулықтар мен технологиялық ұсыныстарға, сонымен қатар басқа да нормативтік құқықтық актілерге, нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

7. Көшелердің көлік жүретін бөлігін барлық ені бойынша, алаңдарды, жолдарды және қалалық жол желісінің өту жолдарын, автокөлікті қою орнын, сондай-ақ жағалауларды, көпірлерді, жол желілерін жинауды және күтіп-ұстауды осы жұмыстарды жүргізуге мемлекеттік тапсырыс жасау шартының негізінде мердігер-кәсіпорындар жүргізеді.

8. Жолдың жүру бөлігі мен жиектері әртүрлі кір-қалдықтардан толық тазартылады.

9. Көшелер мен өту жолдары бойымен орналасқан немесе көлік жүретін жолдан көгалдармен бөлінген және тұрғын үй ғимараттарының кіреберістерінен, аула аумақтарынан, мекемелерден, кәсіпорындардан, сауда және қызмет көрсету объектілерінен тікелей шығу жолдары жоқ жаяужолдарды, сондай-ақ жағалау қоршауларына іргелес жатқан жаяужолдарды тазарту жұмыстары көлік жүретін жолдарды тазарту мен күту жұмыстарын жүзеге асыратын кәсіпорындармен жүргізіледі.

10. Көпірлердегі, жол желілеріндегі жаяужолдарды, сондай-ақ инженерлік құрылыстарға және баспалдаққа шығатын жерлерге жалғасқан техникалық жаяужолдарды тазарту, осы құрылыстардың қожасы болып табылатын кәсіпорындармен жүргізіледі.

11. Жолаушылар павильондарын және қоғамдық жолаушылар көлігінің аялдама алаңдары, сонымен қатар оларға іргелес жатқан аумақтар осы

жұмыстарды жүргізуге мемлекеттік тапсырыс жасау шартының негізінде мердігер-кәсіпорындар жүргізеді, ал егер ол жеке меншік құқығында тиесілі болса немесе жолаушылар павильондары және қоғамдық жолаушылар көлігінің аялдама алаңдары заңды және (немесе) жеке тұлғалардың пайдалануында болса – соңғыларының күшімен жүргізіледі.

12. Жеке тұрған жарнама объектілеріне іргелес аумақтарды тазарту жұмыстарын жарнама таратушылар немесе жарнама таратушылармен шарт бойынша тазарту жұмыстарын жүргізуші мамандандырылған ұйымдар жүргізеді.

13. Трансформаторларға немесе таратушы қосалқы станцияларға, автоматты түрде жұмыс істейтін, басқа инженерлік құрылыстарға (қызмет көрсететін персоналдың қатысуынсыз), сондай-ақ электр беру желілерінің бағаналарына іргелес жатқан аумақтарды тазарту жұмыстарын осы объектілердің иелері жүргізеді. Жер үсті құбырларының астындағы қорғалатын аумақтарды тазарту мен күтіп-ұстау жұмыстары желілердің иелерімен жүргізіледі.

14. Сауда объектілерінің иелері сауда объектілеріне іргелес жатқан, көшеде уақытша сауда жасау аумағының орындарын (базарлар, сауда павильондары, жылдам салынатын сауда кешендері, төбесі жабылған сауда орындары, дүңгіршектер және т.б.) көшелердің көлік жүретін бөлігіне дейін тазалайды. Іргелес жатқан көгалдарға, төбесі жабылған сауда орындарының, дүңгіршектердің шатырларына және басқа сауда объектілерінде жәшіктерді үюге ж о л б е р і л м е й д і .

15. Ақылы автотұрақтардың, гараждардың аумақтарын тазарту жұмыстарын иелері мен осы объектілерді пайдаланушы ұйымдар жүргізеді.

16. Жанар-жағар май құю стансасының, автожуу бекеттерінің, құю кешендерінің аумақтарына, кіретін және шығатын жерлеріне тазарту мен тазалығын сақтау жұмыстарын осы объектілердің иелері жүргізеді.

17. Көп уақыт бойы пайдаланылмаған және игерілмеген аумақтарды, ғимараттарды бұзғаннан кейінгі аумақты тазарту және күтіп-ұстау жұмыстарын осы аумақ бөлініп берілген жер пайдаланушылар немесе тапсырыс берушілер немесе шарт бойынша ғимараттарды бұзу жұмысымен айналысатын мердігерлік к ә с і п о р ы н д а р жүргізеді.

18. Су ағызатын желіні қоқыс басуын болдырмау үшін су ағатын коллекторларға сыпырынды мен тұрмыстық қоқыстарды тастауға жол берілмейді .

19. Аумағындағы өзендер, су тоғандар, арналар акваторияларынан қоқыс шығару және олардың маңындағы аумақтарды күтіп-ұстау қызмет көрсетуші к ә с і п о р ы н д а р ғ а жүктеледі.

20. Көлік жүретін жолдардағы, жаяужолдардағы және көгалдардағы қоршауларды, жолдарды абаттандырудың басқа да элементтерін күтіп-ұстау олар

теңгерімінде болып табылатын кәсіпорындарға жүктеледі.

21. Қысқы кезеңде жалғыз аяқ жолдар, бақ орындықтары, қоқыс салатын жәшіктер, басқа элементтер мен шағын сәулет нысандары, сондай-ақ олардың алдындағы және бүйірлеріндегі жерлер, оларға баратын жолдар қар мен мұздақтардан тазартылады.

22. Аула аумақтарын, аулаішілік кіре берістерді, жаяужолдарды сыпырындыдан, шаңнан, ұсақ және ірі қоқыстардан тазартуды, оларды жууды сонымен қатар тазалықты сақтауды бөлінген аумақтағы субъектілер қамтамасыз етеді.

23. Көшелер мен жолдардағы қар арнайы дайындалған алаңшаларға шығарылады, олардың ораналасатын орындарын уәкілетті орган белгілейді.

24. Қарды уақытша шығаруға берілген орындар, қар ерігеннен кейін қоқыстардан тазартылып, көркейтіледі.

25. Жаяужолдар, аула аумақтары мен кіру жолдары қар мен мұздақтан асфальтқа дейін тазартылады, қар мен жарықшақ қар үйетін жерге шығарылады.

26. Аула аумақтарынан және кварталішілік жолдардан тазартылған қарды автокөлік пен жаяу жүргіншілердің қозғалысына кезергі келтірмейтін бос жерлерде уақытша жинастырып кейін шығаруға рұқсат етіледі.

27. Қысқы кезде ғимаратдың иелері және жалдаушылары шатырларын уақытында қар мен мұздақтан тазарту жұмыстарын ұйымдастырады.

#### **4. Елді мекендердегі қалдықтарды жинау, уақытша сақтау, шығару және кәдеге жарату**

28. Қандай меншік түріне жататындығына қарамастан жеке және заңды тұлғалар қатты тұрмыстық қалдықтарды және ірі көлемді қоқыстарды (қалдықтарды) шығаруды қамтамасыз етеді.

Шығару жиналуына қарай қамтамасыз етіледі, бірақ жазғы және күзгі уақытта айына 1 реттен кем емес.

29. Қалдықтардың меншік иесі қалдықтардың барлық түрлерін жинаудың орталықтандырылған жүйесін немесе жинау, кәдеге жарату, орналастыру, немесе жою операцияларын атқаратын субъектілердің қызметтерін пайдалана алады немесе оларды орналастыру және жою операцияларын дербес жүзеге асыра алады.

30. Контейнерлік алаңшалар мен контейнерлер иелері контейнерлерді уақытында жөндеуді және одан әрі пайдалануға жарамсыздарды ауыстыруы қажет.

31. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардан, спорт алаңдарынан және халықтың демалатын орындарынан және өту жолдарынан контейнерлік

алаңдарды орнату арақашықтығы коммуналдық шаруашылық объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес анықталады. Коммуналдық қалдықтардың көлемінің ұлғаюын ескере отырып, қажет болып табылатын контейнерлердің қойылуы есептемесінен алаңдардың өлшемі дайындалады.

32. Қалдықтарды уақытша сақтау орындарын орналастыру мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органымен, ғимараттар мен құрылыстарды, жер учаскелерін иелермен және пайдаланушылармен келісіледі.

33. Коммуналдық қалдықтарды, ірі көлемді қоқысты шығаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметкерлері контейнерлерден қоқыс шығарушыларға арту кезінде түсіп қалған қоқыстарды жинайды.

34. Сапаржайларда, базарларда, әуежайда, саябақтарда, демалыс аймақтарында, алаңдарда, білім беру, денсаулық сақтау мекемелерінде және көпшілік баратын жерлерде, көшелерде, қоғамдық жолаушылар көлігі аялдамаларында, сауда объектілеріне кіреберістерде қоқыс салатын жәшіктер орнатылуы керек. Халық көп келетін орындарда жәшіктер бір-бірінен 50 метрдей қашықтықта, аулаларда, саябақтарда, алаңдарда және басқа аумақтарда жәшіктер 10-нан 100 метрге дейінгі арақашықтықта орнатылады. Қалалық жолаушылар көліктері аялдамаларында және сауда объектілеріне кіреберістерде екі жәшіктен орнатылады.

Саяжайлар мен жағажайлар қоқыс салатын жәшіктермен қатар, контейнерлерді орналастыруға арналған арнайы алаңдармен қамтамасыз етіледі.

35. Жәшіктерді орнату және тазалау жұмыстары мемлекеттік тапсырыс шартына сәйкес аумақты пайдаланушы мердігерлік кәсіпорындармен және иелігінде немесе қолданылуында аумақтары бар шаруашылық жүргізу субъектілерімен жүргізіледі. Жәшіктерді тазарту жұмыстары олардың толуына қарай орындалады, алайда күніне бір реттен кем емес.

36. Жәшіктерді жуу жұмыстары кірлеуіне қарай, аптасына бір реттен кем емес орындалады. Қоғамдық жолаушылар көліктері аялдамасында орналасқан жәшіктерді аялдамаларды жинауды жүзеге асыратын кәсіпорындар, ал қалған объектілерде орнатылған жәшіктерді көрсетілген объектілердің меншік иелері мен пайдаланушылары тазартып, залалсыздандырады.

## **5. Ортақ пайдаланылатын орындарды күтіп-ұстау**

37. Ортақ пайдаланылатын орындарды күтіп-ұстауды аталған объектілер олардың қызмет көрсетуінде және пайдалануындағы ұйымдар мен аумақты бекіту субъектілері жүзеге асырады.

38. Ортақ пайдаланылатын демалыс аймағындағы аумақтың жобасын өзгерту,



шағын сәулет үлгілерін және құрылысын, сәулет және абаттандыру бөлшектерінің түсін өзгерту ауданның, қаланың сәулет және қала құрылысы органымен келісіледі.

39. Ортақ пайдаланылатын орындар аумағында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қоғамдық тамақтандыру және ұсақ сауда кәсіпорындарын орналастыруға рұқсат етіледі. Осы объектілердің иелері санитарлық тазалауға және (немесе) бөлінген және жақын жатқан аумақтарды жинау мен күтіп ұстауға мамандандырылған кәсіпорындармен қолданыстағы заңнамаға сәйкес шарт жасайды.

## **6. Елді мекендердегі шағын сәулет нысандарын және сыртқы жарықтандыруды күтіп-ұстау**

40. Тұрғын-жай құрылыс аумақтары, жалпы қолданыс орындары, көшелер мен демалыс алаңдары шағын сәулет нысандарымен жабдықталады.

41. Шағын сәулет нысандары тұрақты және жылжымалы болуы мүмкін. Саны мен орналасуы аумақтарды абаттандыру жобаларымен анықталады.

42. Шағын сәулет нысандарының сындарлы шешімдері олардың орнықтылығын, қолдану қауіпсіздігін қамтамасыз етуі қажет.

43. Шағын сәулет нысандарының иелері оларды ауыстыру, жөндеу және бояу жұмыстарын жүргізеді.

44. Субұрқақтардың жұмыс тәртібі, айдынын жуу мен тазарту кестесі, техникалық үзілістері мен жұмысының тоқтатылуы уәкілетті органымен белгіленеді.

45. Субұрқақтардың жұмыс істеуі кезінде су бетін қоқыстардан тазарту жұмыстары күнделікті орындалады. Пайдаланушы ұйымдар бұрқақтарды сөндірген кезде де тазалығын сақтауға тиісті. Субұрқақтардың айдынын жуу және залалсыздандыру ай сайын жүргізіледі. Субұрқақ айдынында адамдар мен жануарлардың шомылуына, кір жууға рұқсат етілмейді.

46. Елді мекендердің аумақтарын жарықтандыру пайдаланушы ұйымдармен қамтамасыз етіледі және сыртқы жарықтандыруды орнатумен қоса жүргізіледі, о л а р ғ а :

- 1) электрмен жабдықтау құрылғылары, таратушы желілер;
- 2) электр желілерін қорғау және жерге қосу құрылғылары;
- 3) басқару құрылғылары;
- 4) кронштейн тіректері, тросты аспалар жатады.

47. Сыртқы жарықтандыру құрылғыларын күтіп-ұстау және оларға қызмет көрсету мынадай іс-шараларды:

- 1) шамдарды және шамшырақтардағы шашыратқыштарды ауыстыруды,

шамшырақтарды тазартуды, жарықтылық дәрежесін өлшеуді қоса алғанда, сандық және сапалық көрсеткіштері берілген параметрлерге сәйкес келетін, сыртқы жарықтандыру құрылғыларын қалыпты жағдайда ұстауды;

2) сыртқы жарықтандыру құрылғыларының реттелетін жұмыс тәртібін, кесте бойынша уақтылы қосуды және сөндіруді бақылауды, жанбайтын шамшырақтарды, олардың зақымдалуын анықтауды және қалпына келтіруді қ а м т а м а с ы з е т у д і қ а м т и д ы .

48. Металл бағаналары, кронштейндер мен басқа сыртқы жарықтандыру құрылғылары мен байланыс желілерінің элементтері тазалықта ұсталуы қажет, т о т б а с п а у ы ж әне б о я л м а у ы к е р е к .

49. Тиісті қызметтер жанып кеткен шамшырақтарды анықтаған сәттен бастап 24 сағат ішінде ауыстырулары тиіс.

## **7. Тұрғын жай кварталдары мен шағын аудандарды абаттандыру**

50. Шағын аудандар мен кварталдардың тұрғын жай аймақтары қоқыс контейнерлерін қоюға, кір кептіруге, демалуға, балалардың ойнауына, спортпен айналысуға, үй жануарларын қыдыртуға арналған алаңшалармен, автотұрақпен, аялдатумен, ж а с ыл а й м а қ п е н ж а б д ы қ т а л а д ы .

51. Тұрғын жай кварталдарының, шағын аудандардың аумақтарында, сондай-ақ аула маңындағы аумақтарда мына тәртіпті сақтау қажет:

көтермелердің, жаяужолдардың, жүргіншілер жолының, кварталішілік кіреберістері мен жолдарының төсемдерін қалыпты жағдайда күтіп ұстау; аулаларға өздігінен түрлі шаруашылық немесе қосалқы құрылыс (гараждар ж әне б а с қ а ) с а л у ғ а ж о л б е р м е у ; үй маңындағы аумақтарды құрылыс материалдарымен үйіп тастауға ж о л б е р м е у ;

өзінің балансындағы (шаруашылық жүргізуде немесе жедел басқаруда) инженерлік желілерді қалыпты жағдайда ұстау; құдықтарды уақытында қарап, тазарту;

шағын сәулет нысандарын, спорт, ойын, балалар мен шаруашылық алаңшаларының жабдықтарын, қоршауларын қалыпты жағдайда ұстау, олардың сыртқы түрінің ұқыптылығын сақтау.

## **8. Апатты жұмыстарды жүргізу**

52. Пайдалану кезінде немесе жерасты және жерүсті коммуникацияларында құрылыс жұмыстарын жүргізген кезде пайда болатын апаттар, олардың дұрыс жұмыс жасауына немесе азаматтардың денсаулығы мен өміріне қауіп тудыруға

әкеліп соғатын, су объектілерінің ластануы төтенше жағдай болып табылады және олардың қалыпты жұмысын қалпына келтіру үшін қысқа мерзімде жедел шараларды қабылдауды талап етеді.

53. Апат туындаған жағдайда инженерлік коммуникациялар мен құрылғылардың иесі, пайдаланушы ұйым апатты және оның салдарын жоюдың жедел шараларын қолданады. Бұл жағдайда адамдар мен көлік қозғалысының қауіпсіздігі, сондай-ақ қатар орналасқан жерасты және жерүсті құрылыстардың, инфрақұрылым объектілерінің, жас көшеттердің сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс.

54. Апаттық бригаданы апат орнына жіберумен қатар пайдаланушы ұйым телефонограмма арқылы апаттың сипаты мен орны жайында, осы апат ауданында жерасты және жерүсті құрылғылары бар ұйымдарға, қоғамдық жолаушылар көлігі қызметіне, жол полициясы органына, аудан мен қаланың сәулет және қала құрылысы органына және басқа да мүдделі қызметтерге х а б а р л а й д ы .

55. Апат аймағында жерасты және жерүсті коммуникациялары бар заңды және жеке тұлғалар апаттар туралы ақпаратты алғаннан кейін апат орнына орындалған сызбаларымен бірге өздерінің уәкілдерін жіберіп, олар осы жерде орналасқан мекемеге қарасты құрылғылар мен коммуникацияларды көрсетеді.

56. Апат маңайында материалдарды немесе басқа бағалы заттарды сақтайтын меншік иелері, апат жұмыстары басшысының бірінші талабы бойынша учаскені б о с а т а д ы .

57. Апат жұмыстары жүргізілетін орын қалқандармен немесе белгіленген үлгідегі апаттық жарық құрылғысы және үлкен қызыл түсті шамдары бар қорғандармен қоршалады. Көшенің (магистральдың) жол жағына Жол полициясы органдарының келісімімен қажетті жол белгілері орнатылады. Жұмыстардың толық аяқталуына дейін, апатты жою жұмыстарына жауапты тұлғалар апаттық жарықтандыру, қоршау (қалқан) орнату, жол белгілерінің қойылу жұмыстарына жауап береді.

58. Апаттың салдарын жою және аумақтың абаттандырылуын қалпына келтіру үшін, апат болған күннен бастап бір тәуліктен кешіктірмей уәкілетті органнан Ереженің 1-қосымшасына сәйкес ерікті түрде өтініш беру жолымен жер жұмыстарын жүргізу үшін рұқсат (ордер) рәсімдеу қажет.

59. Бұзылған жол төсемдері мен басқа да абаттандыру элементтерін қалпына келтіру жұмыстарын инженерлік желілердің иелері апатты жұмыстар аяқталғаннан кейін тез арада жүргізеді.

60. Апатты жұмыстардың сылтауымен жоспарлы жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді.

## **9. Елді мекендерде ғимараттар мен құрылыстарды және жарнамалық-ақпараттық объектілерді күтіп-ұстау**

61. Қарамағында ғимараттары мен құрылыстарды бар кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары, ғимараттар мен құрылыстар иелері аталған объектілерді және олардың жекелеген элементтеріне (балкон, лоджий, сарқынды су құбырлары және басқалары) жаңғырту, жөндеу және қасбеттерін сырлау жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қасбеттерінде орнатылған ақпараттық тақтайшаларды, ескерткіш тақталарын таза және қ а л ы п т ы ж а ғ д а й д а ұ с т а й д ы .

62. Заңды және жеке тұлғалармен ғимараттар мен құрылыстар қасбеттерінің дұрыс ұсталуын қамтамасыз етеді.

63. Жарнамалық-ақпараттық объектілердің меншік иесі жарнама объектісінің техникалық жабдықталуын, пайдаланылуын және түстер иллюминациясының дұрыстығын, ақаулар анықталған кезде түсті мөрдін ауыстырылуын бақылауды қамтамасыз етеді. Жарнамалық-ақпараттық объектілерді құрылымдаған кезде, олардың иелеріне аумақты абаттандыру, ғимарат қасбетін жөндеу, жарнамалық-ақпараттық объектілерді пайдалану барысында орын алған тесіктерді және басқа да ақауларды қалпына келтіреді.

64. Сәулет, тарих немесе мәдениет ескерткіштері болып табылатын, ғимараттар мен құрылыстардың қасбеттерін жөндеу, жаңғырту және жаңарту жұмыстары ескерткіштерді қорғау жөніндегі уәкілетті органдар мен сәулет және қала құрылысы органдарының келісімімен қорғау міндеттемесіне сәйкес о р ы н д а л а д ы .

65. Сәулет шамдарын қосу мен сөндіру автономды түрде, әрбір объект жеке жүргізіледі, сыртқы жарықтандыру кестесіне сәйкес 30 минуттан аспайтын кадаммен жарықтандырылады. Сәулет шамы белгіленген тәртіппен тіркелген электр энергиясын есептеу құралымен жабдықталады. Әрбір объект басқару қалқанымен жабдықталады.

## **10. Жасыл желектерін күтіп-ұстау және қорғау**

66. Облыс елді мекендерінің аумағында орналасқан барлық жас көшеттер, қандай меншік түріне жататынына қарамастан, облыс елді мекендеріндегі аумақтардың біртұтас жасыл қорын құрайды және қорғауға жатады.

67. Жасыл желектері орналасқан жер учаскелерінің меншік иелері және (немесе) пайдаланушылары олардың жай-күйіне бақылау жүргізуді жүзеге асырады, жасыл желектерінің екпелерінің қанағаттанарлық жағдайын және қ а л ы п т ы да м у ы н қ а м т а м а с ы з е т е д і .

68. Кәсіпорындар, ұйымдар және жеке тұлғалар (бұдан әрі тапсырыс берушілер деп аталатын) құрылыс, жөндеу және басқа да жұмыстарды жүргізу кезінде:

1) жасыл желектерін зақымданудан қоршауға алуды, көгалдандыру екпелерін сынуынан немесе зақымдануынан қорғау үшін оларды қораптарға салуды;

2) жолдарға, жаяу жолдарға, өткелдерге, алаңдарға қатты материал және асфальт төсеген кезде жас көшеттердің айналасында оңтайлы ашық топырақты кеңістік құру мақсатында, мөлшері 1 шаршы метрден кем емес қоршаумен шектелген, ағаш түбінен қуыс қалдыруды;

3) жасыл желектері орналасқан аймақтарда жолдарды, жаяу жолдарды салу және қайта құру кезінде тік белгілерді жоғарылатқанда немесе төмендеткенде 5 сантиметрден артық өзгертуге болмайды. Егер түпкі жүйенің қурап қалуынан басқа амал болмаған жағдайда, жобаларда жас көшеттердің дұрыс өсу жағдайын сақтауға арналған құрылғылар ескеріледі;

4) салынып жатқан объектілерге кірме жолдарын тартқанда жас көшеттердің орындарын ескеріп, жас көшеттердің бар қоршауларын бұзбауды қамтамасыз етеді.

69. Құрылыс салуға немесе басқа жұмыстар жүргізуге бөлінген учаскелерде жасыл желектерін сақтау мүмкін болмаған жағдайда, жасыл желектерін алып тастау немесе қайта отырғызу жүргізіледі.

70. Жасыл желектерін сырып тастауға:

1) бекітілген және келісілген қала құрылысы құжаттамасымен қарастырылған құрылыстың қандай да бір объектілерін орналастыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз еткен;

2) инженерлік абаттандыру объектілеріне, жерүсті коммуникацияларына қызмет көрсеткен;

3) апатты және төтенше жағдайларды жою, оның ішінде инженерлік абаттандыру объектілерінде;

4) жас көшеттердің сапалық және түр құрамын жақсарту қажеттілігі болған;

5) адам өмірі мен денсаулығының қауіп төндіруі, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне шығын келтіруі мүмкін ескі екпелерді санитарлық отау жағдайларында рұқсат етілуі мүмкін.

71. Жасыл желектерін сырып тастау, қайта отырғызу, пішіндеп кесу (жасарту), кесу Ереженің 3-қосымшасына сәйкес елді мекендерді абаттандыру мәселелері жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – комиссия) оң қорытындысының негізінде уәкілетті орган Ереженің 2-қосымшасына орай беретін, рұқсат қағазы болған жағдайда ғана мүмкін болады.

72. Комиссияның құрамы, мүшелер саны және ережесі ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қаулысымен бекітіледі.

73. Жасыл желектерін сырып тастауға, қайта отырғызуға, пішіндеп кесуге (жасартуға), бұтақтарын кесуге рұқсат алу үшін жеке немесе заңды тұлға уәкілетті органға келесі құжаттарды ұсынуы тиіс: осы ереженің 4-қосымшасына сәйкес, мекенжайы, жұмыс түрі, ағаштардың саны және түрі, жасыл желектеріне жүргізілуі тиіс жұмыстарды орындаудың себептері көрсетілген жазбаша өтінішін; жерге құқық белгілейтін құжаттарын; көгалдандыру екпелері белгіленген топографиялық сурет немесе жасыл желектері бар жер учаскесінің суреттерін; жобалау ұйымдары үшін: бекітілген жобаны; коммуналдық қызметтермен келісулерді; көгалдандыру екпелері белгіленген топографиялық суретті немесе жасыл желектері бар жер учаскесінің суреттерін ұсыну қажет.

74. Өтініштерді қарау мерзімі – уәкілетті органға тапсырған күнінен бастап 15 күнтізбелік күн.

75. Келіп түскен өтініштерді (өтінімдерді) қарау кезінде комиссия жас көшеттерге жұмыстарды жүргізудің мақсаттылығы мен мүмкіндігін тексереді, анықтайды, орынға шығумен жасыл желектерін тексеру актісін ресімдейді және жасыл желектерін кесу (таңдап, жаппай), алып тастау, қайта отырғызу, пішіндеп кесу (жасарту), бұтақтарын кесу және жас көшеттерге басқа да жұмыстардың жүргізілу қажеттілігі туралы қорытынды береді.

76. Комиссияның көгалдандыру екпелерін алып тастауға арналған қорытындысын алғаннан кейін заңды немесе жеке тұлға кейіннен жергілікті бюджетке ақшалай қаржыны (алынып тасталатын жас көшеттердің құны) аударумен жас көшеттерге бағалауды жүргізуге лицензиясы бар ұйыммен шарт жасайды. Немесе 1:2 қатынастан кем емес алып тасталынған жасыл желектерін немесе комиссияның кесіп тастауға арналған қорытындысында көрсетілген ағаштардың кесілетін биомассасынан кем емес мөлшерде сондай ағаш түрлерімен қалпына келтіреді.

Кесуге жататын ағаштардың нарықтық құны туралы есепті және жергілікті бюджетке төлем жасау түбіртегін немесе кескеннен кейін көктемгі-күзгі кезеңде жасыл желектерін отырғызу және қайта отырғызылған немесе отырғызылған жас көшеттерге күтім жұмыстарын екі жыл бойы жүргізу туралы кепілдеме хатты ұсынғаннан кейін өтініш беруші уәкілетті органнан кесуге рұқсат алады.

77. Рұқсат қағазын алғаннан кейін заңды немесе жеке тұлға жасыл желектерін өз күшімен кеседі (қайта отырғызады) немесе жасыл желектерін кесу, қайта отырғызу, пішіндеп кесу (жасарту), бұтақтарын кесу және басқа да жұмыстарды жүргізу үшін жұмыстардың осы түрлерін орындайтын ұйымдарға жүгінеді.

## 78. Жасыл желектерінің аумағында:

- 1) өнеркәсіптік және тұрмыстық лай сулармен, коммуналдық қалдықтармен  
л а с т а у ғ а ;
- 2) кез келген материалдар мен заттарды жинауға;
- 3) қоқысты, лас қар мен мұзды жинауға;
- 4) автомашиналармен, мотоциклдермен, велосипедтермен, басқа да көлік құралдарымен жүруге (арнайы көліктен басқа);
- 5) көгалдар мен қоршаулардың маңында жолаушылар көлігінің аялдамасын  
о р н а т у ғ а ;
- 6) осы мақсаттарға арнайы жабдықталған және бөлінген жерлерден басқа автокөлік құралдарын қоюға және тұрағын орнатуға;
- 7) ағаш және бұта көшеттерін өз еркімен кесуге;
- 8) агрономиялық белгіленген мерзімдерден тыс, кесу ережесін сақтамай ағаштардың бұтақтарын кесуге;
- 9) өз бетімен шарбақтар орнатуға;
- 10) ағаштардың, бұталардың бұтақтарын сындыруға, тілік жасауға, жазба жазуға, шеге қағуға, басқа да механикалық зақым келтіруге, жасыл желектерін түрлі заттармен және жапсырмалармен бүлдіруге, белгілер мен басқа да суреттер  
с а л у ғ а ;
- 11) қоршаулар, сымдарды бекіту үшін (мерекелік ресімдеу үшін көшеттерді безендіруден басқа жағдайларда) жасыл желектерін бұзылатын (тірек, бекітуші) конструкциялар ретінде пайдалануға, ағаштарға гамакты, әткеншектерді, спорттық снарядтарды, ақпараттық тақталарды, кірді кептіруге арналған жіптерді ілуге, жарнамалық объектілерді, электр сымдарын, тікенді сымды және басқа заттарды бекітуге, жануарларды байлау ретінде қолдануға;
- 12) ағаштан шырын, шайыр алуға;
- 13) гүлдерді жұлуға, жемістерді үзуге, мал бағуға, жер, құм өндіруге;
- 14) жабайы және мәдени флораның гүлдерін баданаларымен және тамырларымен қазып алуға;
- 15) құмырсқаның илеуін қиратуға, құстар мен жануарларды аулауға және  
а т у ғ а ;
- 16) көгалдарды, гүлзарларды, бағана маңайындағы шұңқырларды ластауға, оларға темекі тұқылын, сағызды және тағы басқаларды тастауға;
- 17) көгалдандырылған аумақтардың жабдықтарын және абаттандыру элементтерін (оның ішінде қоршаулар, таңбалау, ақпараттық тақталар және көрсеткіштер, суару құрылғылары, су бұру, жарықтандыру элементтері, жәшіктер, контейнерлер, орындықтар, ақырлар) жоюға, зақымдауға, олардың қалыпты жұмыс істеу жағдайын нашарлатуға;
- 18) от жағуға, қоқыстар мен жапырақтарды жандыруға;

19) көгалда ойын ойнауға, осы мақсаттарға бөлінген және жабдықталған орындарды қоспағанда, коньки және шана тебуге;

20) ағаштарға өрмелеп шығуға, жол-жалғыз аяқ жол желісінен тыс жерлерде жас көшеттердің арасымен жүруге;

21) жаяужолдарға және жалғыз аяқ жолдарға қайнатылған тұз немесе көгалдандыру екпелері үшін зиянды басқа да химиялық қоспаларды себуге, м ұ з д ы т а с т а у ғ а ;

22) су тоғандарын, бұрқақтарды ластауға жол берілмейді.

79. Жер пайдаланушылар оларға берілген аумақтарда жасыл желектерін өсіп-өндіруді және қорғауды қамтамасыз етеді.

## 11. Ережені бұзғаны үшін жауапкершілік

80. Осы Ережені бұзғаны үшін кінәлі жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

А қ м о л а о б л ы с ы е л д і  
м е к е н д е р і н і ң а у м а қ т а р ы н  
а б а т т а н д ы р у , к ө г а л д а н д ы р у  
е к п е л е р і н к ү т і п - ұ с т а у  
ж ә н е қ о р ғ а у е р е ж е л е р і н е  
1-қосымша

« \_\_\_\_\_ **ТҰРҒЫН**

(облыстың қаласы, ауданы)

үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі  
және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

№ \_\_\_\_\_ ордер

\_\_\_\_\_ уәкілі  
(ұйымы, лауазымы)

\_\_\_\_\_ (жұмыстың сипаты)

\_\_\_\_\_ жұмыстарын жүргізуге рұхсат етіледі

\_\_\_\_\_ көшесі бойынша № \_\_\_\_\_ үйден № \_\_\_\_\_ үйге дейін.



Жұмыстың басталуы 20\_\_ жыл \_\_\_\_, аяқталуы 20\_\_ жыл \_\_\_\_

Жұмыс осы ордерде көрсетілген мерзімдерде басталуы және аяқталуы тиіс.

А қ м о л а                      о б л ы с ы                      е л д і  
м е к е н д е р і н і ң    а у м а қ т а р ы н  
а б а т т а н д ы р у ,    к ө г а л д а н д ы р у  
е к п е л е р і н    к ү т і п - ұ с т а у  
ж ә н е                      қ о р ғ а у    е р е ж е л е р і н е  
2-қосымша

« \_\_\_\_\_

(облыстың қаласы, ауданы)

**тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі  
және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі № \_\_\_\_ рұқсат**

(жұмыстардың түрі (көгалдандыру екпелерін сырып тастау, қайта отырғызу,  
б ұ т а қ т а р ы н    к е с у    т . б . )

Тапсырыс берушіге \_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның ТАӘ)

рұқсат берілген \_\_\_\_\_

(орындалатын жұмыстардың сипаттамасы)

М е к е н ж а й    ( о б ь е к т )    б о й ы н ш а :

Р ұ қ с а т қ а    н е г і з д е м е .

Жұмыстардың басталуы 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_-дан

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ дейін.

Жұмыстар осы рұқсатта көрсетілген мерзімдерде басталып, аяқталуы тиіс.

Сонымен қатар, бірінші басшыға көгалдандырылған екпелерді қорғау, ұстау  
және қорғау жөніндегі кешенді іс-шараларды жүргізу жүктеледі.

Мен, \_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның өкілінің, жеке тұлғаның ТАӘ)

жоғарыдағы барлық талаптарды және жұмысты рұқсатта көрсетілген мерзімде  
орындауды міндетіме аламын.

-----  
( қ а л а ,

а у д а н )

тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы

-----  
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Мөр орны

Ақмола облысы елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру, көгалдандыру екпелерін күтіп-ұстау және қорғау ережелеріне 3-қосымша

\_\_\_\_\_ қаласының, ауданының абаттандыру мәселелері жөніндегі комиссия отырысының хаттамалық шешімінен үзінді

\_\_\_\_\_ қаласының, ауданының абаттандыру мәселелері бойынша комиссиясының қорытындысы

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ хаттамалық шешімінің негізінде \_\_\_\_\_ өтінішіне сәйкес

(заңды тұлғаның өкілінің, жеке тұлғаның Т.А.Ә.)

Мына мекенжай (объект) бойынша \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ байланысты (себебі \_\_\_\_\_ көрсетілсін)

абаттандыру мәселелері жөніндегі комиссия:

1. Орынға барып тексергенде анықтаған:

\_\_\_\_\_ ағаштары, саны \_\_\_\_\_ және \_\_\_\_\_  
(түрі) (ағаштардың жағдайы)

\_\_\_\_\_ ағаштары, саны \_\_\_\_\_ және \_\_\_\_\_  
(түрі) (ағаштардың жағдайы)

\_\_\_\_\_ ағаштары, саны \_\_\_\_\_ және \_\_\_\_\_  
(түрі) (ағаштардың жағдайы)

2. \_\_\_\_\_

(жұмыстардың түрі (көгалдандыру екпелерін жою, қайта отырғызу,

мүсіндеп кесу, бұтақтарын кесу және т.б.)

Осы көрсетілген аймақта мамандандырылған кәсіпорын күшімен, тапсырыс берушінің қаржысына, өткізу мүмкін (мүмкін емес) деп санайды.

3. \_\_\_\_\_

(жас көшеттердегі жұмыстардың түрі)  
Рұқсат алу үшін өкілетті органға осы қорытындыны ұсынуды ұсынады.

4. Орнын толықтыру үшін \_\_\_\_\_ аумағында \_\_\_\_\_  
(елді мекен) (саны)  
данадан кем емес \_\_\_\_\_ ағаштарды уәкілетті органмен  
( т ү р і )

келісілген жерде отырғызуды ұсынады, және оларға 2 жыл бойы тиісті күтім  
қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Ағаштар отырғызу сызбасын ұсыну қажет.

Ағаш отырғызу жұмыстарын жүргізгенде коммуналдық қызметтерден келісім  
а л у қ а ж е т .

5. Тапсырыс берушіге жасыл желектерде тиісті жұмыстарды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына толық сәйкес және тек қана уәкілетті органнан жұмыстар жүргізуге рұқсат алғаннан кейін және рұқсатта көрсетілген түрлерге көрсетілген мерзімдерде орындауға міндеттейді.

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_  
(қолы) (Т.А.Ә.)

А қ м о л а о б л ы с ы е л д і  
мекендерінің аумақтарын  
абаттандыру, көгалдандыру  
екпелерін күтіп-ұстау  
және қорғау ережелеріне

4-қосымша

« \_\_\_\_\_  
( қ а л а , а у д а н )

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық,  
жолаушылар көлігі және автомобиль  
ж о л д а р ы б ө л і м і » М М

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

мекенжайы \_\_\_\_\_

телефоны \_\_\_\_\_

**Өтініш**

\_\_\_\_\_ байланысты  
(жұмыстарды жүргізудің мақсаты мен себептері көрсетілсін)  
\_\_\_\_\_ мекенжайы (объект) бойынша  
\_\_\_\_\_ дана \_\_\_\_\_ түрі ағаштарын (бұталарын)  
\_\_\_\_\_ рұқсат беруіңізді сұраймын.  
(жоспарланатын жұмыстардың түрі көрсетілсін)

Қ о с ы м ш а :  
Жеке және заңды тұлғалар үшін:  
жерге құқық белгілейтін құжаттар;  
жасыл желектері белгіленген топографиялық сурет немесе жасыл желектері  
бар жер учаскесінің суреттері.  
Жобалау ұйымдары үшін:  
бекітілген жоба;  
коммуналдық қызметтермен жасалған келісім;  
жасыл желектері белгіленген топографиялық сурет немесе жасыл желектері  
бар жер учаскесінің суреттері;  
(сенімхатпен өтініш білдірген кезде – өтінішке сенімхаттың, жеке куәліктің  
көшірмелері қоса берілсін)

-----  
(күні) (қолы) -----